

№1 Педагогикалық кеңестің
шешіміне сәйкес

КЕЛІСІЛДІ:

« _____ » _____ 2022жыл



Бекітемін:

№21 «Алпамыс» бөбекжай балабақшасының
менгерушісі: *Нурмағанбетова* Нурмағанбетова

**« Мен жасай аламын»
(Вариативтік компонент)**

Тәрбиешілер: Назарбаева Айгүл

Өмірзақова Гүлзира

Кіріспе

Мектепке дейінгі ұйымдар вариативтік жеке бейімделген бағдарламаларды, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады; баланың даралығы мен субъективтілігін, өмірлік қажетті физикалық, әлеуметтік, эмоционалдық, коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамытуды қолдауға бағдарланған кедергісіз дамытушы ортаны, трансформацияланатын ойындар мен тақырыптық аймақтарды құрады. (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.3-тарау.31-тармақ)

Құбылмалы әлемде педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуы тиіс. (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.(3-тарау.44-тармақ)

Мүсіндеудің мақсаты:

Мүсіндеудің бала тәрбиесінде алатын маңызы өте зор.

Мүсіндеу арқылы баланың саусақ маторикалары дамиды, ой-қиялы артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Міндеттері:

1. Мүсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру.
2. Шығармашылық іс-әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Мазмұны:

Сазбалшықтың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру:сазбалшық жұмсақ, бөліп алуға, илеп мүсіндер жасауға болады.

Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен үзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып мүсіндеуге үйрету,

Кесекті алақан арасында және жазықтықта түзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Бөліктері бірнеше заттарды мүсіндеу, дұрыс орналастыру, қатынастарын сақтау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету.

Мүсіндеуді сазбалшықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі.

Тұзды қамырдың артықшылығы:

Көп шығын шығармай, өзіңізге керек уақытта дайындап алуға болады.

Тез жуылады, дақ қалдырмайды.

Ауызға түскенде қауіпсіз.

Мүсіндегенде қолға жабыспайды.

Кептіруге болады.

Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мүсінге сурет салуға қолайлы.

Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен қорықпай ойнауға болады.

Лакпен қатырса, ұзақ мерзімге сақталады.

Тақырыбы: «Мен жасай аламын»

1	Қыркүйек	«Гүл тұқымы» 07.09.2022 «Добым, добым дөңгелек» 14.09 «Менің сүйікті жемісім» 21.09 «Әуе шарлары» 28.09.
2	Қазан	«Күзгі жапырақтар» 05.10. «Менің сүйікті жемісім» 12.10. «Күз сыйлығы» 19.10. «Менің сүйікті ойыншығым» 26.10
3	Қараша	«Тостаған» 02.11 «Орындық» 09.11 «Құстарға ұя» 16.11 «күшік» 23.11
4	Желтоқсан	«Шырша» 30.11 «Шыршаға арналған ойыншықтар» 07.12 «Аяз ата сыйлығы» 14.12 «Шырша шамдары» 21.12
5	Қаңтар	«Қар » 28.12 «Аққала» 04.01 «қыс мезгілі» 11.01 «Қысқы ағаштар» 18.01
6	Ақпан	«Ұшақ» 25.01 «Машина» 01.02 «Бауырсақ» 08.02 «Менің үйім» 15.02.
7	Наурыз	«Анама арналған гүл» 22.02 «Жайлауда» 01.03 «Көктем келді» 15.03 «Қуыршаққа арналған моншақтар» 29.03
8	Сәуір	«Түймедақ» 05.04 «Жауқазын» 12.04 «Бақбақ» 19.04 «Адам бейнесі» 26.04
9	Мамыр	«Гүлді алма ағашы» 03.05 «Үлкен және кіші саңырауқұлақтар» 10.05 «жиһаздар» 17.05 «Дәмді тоқаштар» 24.05